

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік  
нормативтер

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЖАТ**

---

Государственные нормативы в области архитектуры,  
градостроительства и строительства

**МЕТОДИЧЕСКИЙ ДОКУМЕНТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**МЕМЛЕКЕТТІК ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНЫҢ КӨШПӘТЕРЛІ  
ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРІН, СОНДАЙ-АҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
БАҒДАРЛАМАЛАР ШЕҢБЕРІНДЕ САЛЫНҒАН КӨШПӘТЕРЛІ  
ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІ БАСҚАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

---

**ОРГАНИЗАЦИЯ УПРАВЛЕНИЯ МНОГОКВАРТИРНЫМИ  
ЖИЛЫМИ ДОМАМИ ГОСУДАРСТВЕННОГО ЖИЛИЩНОГО  
ФОНДА, А ТАКЖЕ МНОГОКВАРТИРНЫМИ ЖИЛЫМИ ДОМАМИ,  
ПОСТРОЕННЫХ В РАМКАХ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ПРОГРАММ**

Ресми басылым

Издания официальное

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс  
министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық  
істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального  
хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики  
Казахстан

Астана 2024

## АЛҒЫ СӨЗ

- 1 ӨЗІРЛЕГЕН:** «САПА СТРОЙ АСПЕКТ» ЖШС
- 2 ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 БЕКІТІЛІП,  
ҚОЛДАНЫСҚА  
ЕНГІЗІЛДІ:** 2024 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің № 172-НҚ бұйрығымен бекітілген
- 4 ОРНЫНА** Алғашқы рет

## ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 РАЗРАБОТАН:** ТОО «САПА СТРОЙ АСПЕКТ»
- 2 ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан
- 3 УТВЕРЖДЕН  
И ВВЕДЕН В  
ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан от 30 декабря 2024г. № 172-НҚ
- 4 ВЗАМЕН** Впервые

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан.

## МАЗМҰНЫ

1 Қолданылу саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Терминдер мен анықтамалар	3
4 Мемлекеттік тұрғын үй қорынан көппәтерлі тұрғын үйлерді, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде салынған көппәтерлі тұрғын үйлерді басқаруға беруге арналған құжаттама құрамы	4
5 Көппәтерлі тұрғын үй басқарушыларына немесе басқарушы компанияға қойылатын біліктілік талаптары	5
6 Мемлекеттік тұрғын үй қорының көппәтерлі тұрғын үй басқармасы	6
7 Көппәтерлі тұрғын үйді күтіп ұстау	8
8 Пәтерлерді, тұрғын емес үй-жайларды жалға алушылардың, жалдаушылардың басқару мен күтіп-ұстауға арналған шығыстарға қатысуы	9
9 Мемлекеттік тұрғын үй қорынан көппәтерлі тұрғын үйлерді, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде салынған көппәтерлі тұрғын үйлерді басқаруға беру тәртібі	10
10 Басқарушының немесе басқарушы компанияның тапсырыс беруші алдындағы есеп беру тәртібі	10
11. Өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар	11
А қосымшасы (міндетті)	
<i>Көппәтерлі тұрғын үйге арналған техникалық және өзге де құжаттаманы қабылдау-беру актісінің нысаны</i>	13
Б қосымшасы (міндетті)	
<i>Көппәтерлі тұрғын үйге арналған техникалық және өзге де құжаттамалардың тізбесі</i>	14
В қосымшасы (ақпараттық)	
<i>Басқарушы компания немесе басқарушы басқаратын мемлекеттік тұрғын үй қорының көппәтерлі тұрғын үйді басқарудың типтік шарты</i>	15
Г қосымшасы (ақпараттық)	
<i>Басқарушы компания (басқарушы) мен сервистік қызмет субъектісі арасындағы көппәтерлі тұрғын үйін күтіп-ұстау жөніндегі типтік шарт</i>	20
Д қосымшасы (ақпараттық)	
<i>Өрттен қорғау жүйелерінің дайындығын бағалау актісінің нысаны</i>	25
Библиография	26

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЖАТ  
МЕТОДИЧЕСКИЙ ДОКУМЕНТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

---

**МЕМЛЕКЕТТІК ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНЫҢ КӨППӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН  
ҮЙЛЕРІН, СОНДАЙАҚ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР ШЕҢБЕРІНДЕ  
САЛЫНҒАН КӨППӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІ БАСҚАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

**ОРГАНИЗАЦИЯ УПРАВЛЕНИЯ МНОГОКВАРТИРНЫМИ ЖИЛЫМИ  
ДОМАМИ ГОСУДАРСТВЕННОГО ЖИЛИЩНОГО ФОНДА, А ТАКЖЕ  
МНОГОКВАРТИРНЫМИ ЖИЛЫМИ ДОМАМИ, ПОСТРОЕННЫХ В РАМКАХ  
ГОСУДАРСТВЕННЫХ ПРОГРАММ**

---

Енгізілген күні – 2024-12-30

**1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

1.1 Осы әдістемелік құжат (бұдан әрі – Әдістеме) мемлекеттік тұрғын үй қорынан көппәтерлі тұрғын үйлерді, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде салынған көппәтерлі тұрғын үйлерді тиімді басқару үшін ұйымдастырушылық талаптарды белгілейді.

1.2 Әдістемеде мемлекеттік тұрғын үй қорынан, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде салынған көппәтерлі тұрғын үйлерін басқаруды ұйымдастыру бойынша мынадай:

- көппәтерлі тұрғын үйді (кешенді немесе үйлерді) толыққанды басқару үшін қажетті тұрғын үйлерді басқаруға шаруашылық құқықтарды беру тәртібіне және берілетін құжаттаманың (қаржылық, техникалық және әкімшілік) құрамына қойылатын;

- басқарушы тұлғалардың немесе басқарушы компаниялардың біліктілігіне, олардың жылжымайтын мүлікті басқару саласындағы кәсіби дағдылары мен білімдеріне, көппәтерлі тұрғын үйді (бұдан әрі - КЖТ) қауіпсіз пайдалану үшін қажетті рұқсат құжаттарының болуына қойылатын талаптарды белгілеу бөлігінде ұсынымдар берілген.

**2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Осы әдістемелік нұсқауларды қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлігі).

«Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы.

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы.

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы.

«Көппәтерлі тұрғын үй басқарушысына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2020 жылғы 30 наурыздағы № 169 бұйрығы.

«Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 17 тамыздағы № 405 бұйрығы.

«Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығы.

«Тұрғын үй инспекциясының көппәтерлі тұрғын үйдің кондоминиум объектісін басқару үшін уақытша басқарушы компанияны айқындау және тағайындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 149 бұйрығы.

ГОСТ 12.0.004-2015 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Еңбек қауіпсіздігін оқытуды ұйымдастыру. Жалпы ережелер.

ГОСТ 12.1.004-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

ҚР СТ 2862-2023 Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық. Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және шығару. Жалпы талаптар.

ҚР СТ 2967-2023 Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық. Коммуналдық көрсетілетін қызметтер. Жалпы талаптар.

ҚР СТ 2970-2023 Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық. Кондоминиум объектісін басқару. Жалпы талаптар.

ҚР СТ 2975-2017 Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және көппәтерлі үйлерді басқару қызметтері. Диспетчерлік және авариялық-жөндеу қызметін көрсету қызметтері. Жалпы талаптар.

ҚР СТ 2976-2023 Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ұстау. Жалпы талаптар.

ҚР СТ 2979-2017 Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және көппәтерлі үйлерді басқару қызметтері. Көппәтерлі тұрғын үйді күтіп-ұстау бойынша техникалық тексерулер жүргізу және жұмыстар мен қызметтер тізбесін айқындау. Жалпы талаптар.

«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқармасы төрағасының міндетін атқарушының 2023 жылғы 28 шілдедегі №122 бұйрығымен бекітілген «Тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды басқару» кәсіби стандарты.

Ескертпе - Осы мемлекеттік нормативтерді пайдалану кезінде жыл сайын ағымдағы жылғы жағдай бойынша құрылатын және ай сайын шығарылатын тиісті ақпараттық бюллетеньдерге - ағымдағы жылы жарияланған журналдарға және стандарттардың ақпараттық көрсеткіштеріне сәйкес келетін «Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік техникалық құжаттардың тізбесі», «ҚР ұлттық стандарттар және ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің каталогы» және «Мемлекетаралық стандарттар каталогы» ақпараттық каталогтары бойынша сілтемелік құжаттардың қолданысын тексеру орынды. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативті пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алу керек, егер сілтемелік құжат ауыстырусыз жойылған болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

### 3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Әдістемеді мынадай терминдер және олардың анықтамалары қолданылады:

**3.1 Тапсырыс беруші:** Иелігінде мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй бар мемлекеттік мекемелер (кәсіпорындар) немесе мемлекеттік және салалық тұрғын үй құрылысы бағдарламалары шеңберінде салынған тұрғын үй қорын басқару функцияларын жүзеге асыратын, объектіні басқару қызметтеріне тапсырыс беретін бірыңғай оператор.

**3.2 Орындаушы:** Мемлекеттік тұрғын үй қорынан немесе мемлекеттік және салалық бағдарламалар шеңберінде салынған көппәтерлі тұрғын үйді басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын басқарушы немесе басқарушы компания.

**3.3 Басқарушы компания:** Әлеуметтік және ресурстық тиімділікті арттыру, дағдарысқа қарсы шараларды жедел іске асыру, тозған қорларды ауыстыру және оларды жаңғырту үшін бюджеттен тыс инвестицияларды тарту мақсатында басқаруға коммуналдық инфрақұрылым объектілері берілетін кез келген меншік нысанын және ұйымдық-құқықтық нысанын ұйымдастыру.

**3.4 Көппәтерлі тұрғын үйді басқарушы:** Уәкілетті орган бекіткен біліктілік талаптарына сәйкес келетін басқарылатын көппәтерлі тұрғын үйдегі пәтердің, тұрғын емес үй-жайдың, тұрақ орнының, қойманың меншік иесі болып табылмайтын Қазақстан Республикасының азаматы.

**3.5 Объект:** Мемлекеттік тұрғын үй қорынан немесе мемлекеттік және салалық бағдарламалар шеңберінде салынған көппәтерлі тұрғын үй.

**3.6 Бірыңғай оператор:** Тұрғын үй құрылысының мемлекеттік және салалық бағдарламалары шеңберінде салынған және азаматтардың әлеуметтік осал санаттарына сатып алу арқылы жалға берілген тұрғын үй құрылысы мен тұрғын үй қорын басқарудың бірыңғай операторы функцияларын жүзеге асыратын «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ.

**3.8 Мемлекеттік кәсіпорынның тұрғын үй қоры:** Мемлекеттік кәсіпорынның қарамағындағы тұрғынжайлар.

**3.9 Мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қоры:** Тұрғын үйлерді пайдалануға беру жөніндегі арнаулы мемлекеттік мекемені қоспағанда, мемлекеттік мекемелердің қарамағындағы тұрғынжайлар.

**3.10 Мемлекеттік тұрғын үй қоры:** Коммуналдық тұрғын үй қорына, мемлекеттік кәсіпорындардың тұрғын үй қорына не мемлекеттік мекемелердің тұрғын үй қорына тиесілі және республикалық немесе коммуналдық мүлік құрамына кіретін тұрғынжайлар.

**3.11 Ғимаратты (жабдықтарды, коммуникацияларды) ағымдағы жөндеу:** Құрылыс элементтерінің ақаулықтарын жою (жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру) және сыртқы абаттандыру, пайдалану көрсеткіштерін жобада көзделген деңгейде ұстап тұру мақсатында жоспарлы тәртіппен орындалатын жөндеу-құрылыс жұмыстарының кешені.

**3.12 Ғимаратты (жабдықтарды, коммуникацияларды) күтіп ұстау:** Ғимаратқа техникалық қызмет көрсету, жинау, диагностикалау, сынау және тексеру және оның жай-күйін техникалық қадағалау жөніндегі қызметтер кешені.

**3.13 Ғимаратты (жабдықтарды, коммуникацияларды) күрделі жөндеу:** Ғимараттардың (жабдықтардың, коммуникациялардың) жекелеген бөліктерін олардың физикалық тозуына және (немесе) бұзылуына байланысты қалпына келтіру немесе ұқсас не оларды пайдалану көрсеткіштерін жақсартатын өзге бөлшектерге ауыстыру жөніндегі жұмыстар.

**3.14 Тұрғын емес үй-жайлардың тұрғындары мен пайдаланушылары:** Мемлекеттік тұрғын үй қорының құрамына кіретін немесе мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде салынған меншік құқығы немесе қолданыстағы жалға алу (жалдау) шарттары

негізінде пәтерлерде тұратын және көппәтерлі тұрғын үйлердегі тұрғын емес үй-жайларды пайдаланатын Қазақстан Республикасының азаматтары.

#### **4 МЕМЛЕКЕТТІК ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН КӨППӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІ, СОНДАЙ-АҚ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР ШЕҢБЕРІНДЕ САЛЫНҒАН КӨППӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІ БАСҚАРУҒА БЕРУГЕ АРНАЛҒАН ҚҰЖАТТАМА ҚҰРАМЫ**

4.1 Көппәтерлі тұрғын үйдің басқарушысы немесе басқарушы компаниясы мемлекеттік мекеменің (кәсіпорынның), ведомствоның немесе бірыңғай оператордың өкілетті өкілі тұлғасында Тапсырыс берушімен жасалатын шарт негізінде мемлекеттік тұрғын үй қорынан (немесе мемлекеттік және салалық бағдарламалар шеңберінде салынған) объектіні басқару бойынша қызметтер көрсетеді.

Шарт жасалғаннан кейін Тапсырыс беруші басқарушыға немесе басқарушы компанияға көппәтерлі тұрғын үйге арналған қолда бар техникалық құжаттама бумасын береді. Техникалық құжаттаманы беру А қосымшасы бойынша қабылдау-тапсыру актісі негізінде жүзеге асырылады. Техникалық құжаттаманың ұсынылатын тізбесі Б қосымшасында берілген.

4.2 Құжаттама бумасы қағаз түрінде беріледі. Тапсырыс берушіде немесе уәкілетті мемлекеттік органдарда орталықтандырылған деректер базасы бар тиісті интернет-портал болған кезде, құжаттама интернет ресурс арқылы беріледі, электрондық кілттер жаңа басқарушы компания үшін қайта шығарылады.

4.3 Құжаттама пакеті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қалыптастырылады және жүргізіледі, жұмыстардың орындалуына қарай уақтылы өзектендірілуге тиіс.

4.4 Басқарушы немесе басқарушы компания Тапсырыс берушімен шарт бойынша міндеттемелерді орындау шеңберінде Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, КТҮ-дегі меншік иелері (бар болса) және жалдаушылар туралы ақпаратты жинауды, жаңартуды және сақтауды жүзеге асырады.

4.2 Шарттық міндеттемелер тоқтатылған жағдайда, басқарушы немесе басқарушы компания 6 жұмыс күні ішінде басқару процесінде объективті түрде өзгерген барлық ақпаратты жаңарта отырып, қабылдау-беру актісі бойынша Тапсырыс берушіге құжаттама бумасын береді.

Тапсыру алдында үйдің ортақ мүлкінің жай-күйіне түгендеу жүргізіледі. Түгендеу нәтижелері мүліктің жай-күйі туралы есеппен және анықталған кемшіліктер тізбесімен қоса берілетін құжаттамаға енгізіледі.

Құжаттама құрамына мынадай құжаттар түрлері енгізіледі:

- қаржылық құжаттама (бастапқы есепке алу құжаттары, қаржылық есептілік, ағымдағы шот бойынша операцияларға байланысты құжаттар), сондай-ақ қаржылық құжаттаманың көшірмелері;
- КТҮ арналған техникалық құжаттама;
- жиналыс хаттамалары (қажет болған жағдайда);
- сервистік қызмет субъектілерімен және коммуналдық қызмет көрсететін ұйымдармен жасалған қызметтер көрсету туралы шарттардың көшірмелері;
- КТҮ басқару бойынша көрсетілген қызметтерді қабылдау актілерінің көшірмелері;
- КТҮ басқаруға және күтіп-ұстауға байланысты өзге де құжаттар;
- КТҮ құрамына кіретін үй-жайлардың кілттері, жабдықты ашатын электрондық кодтар;

- КТҮ мүлкін басқару мен пайдалануға арналған өзге де техникалық құралдар мен жабдықтар.

4.6 Құжаттаманы уақтылы бермеген немесе жоғалтқан немесе бүлінген жағдайларда, Басқарушы немесе басқарушы компания азаматтық заңнамаға және қабылданған шарттық міндеттемелерге сәйкес жауапты болады және оны өз есебінен қалпына келтіруге шаралар қабылдайды.

Тапсыру процесі басқарушы немесе басқарушы компания мен Тапсырыс берушінің өкілдері тарапынан бақыланады.

Қажет болған кезде, құжаттаманың толықтығы мен дұрыстығын тексеру үшін тәуелсіз сараптама ұйымы тартылады.

4.7 Жаңадан анықталған немесе тағайындалған КТҮ басқарушысы немесе басқарушы компаниясы 5 жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге құжаттамадағы кемшіліктердің анықталғаны туралы хабарлайды.

## **5 КӨППӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН ҮЙ БАСҚАРУШЫЛАРЫНА НЕМЕСЕ БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯҒА ҚОЙЫЛАТЫН БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ**

5.1 Көппәтерлі тұрғын үйді басқарушыларға немесе басқарушы компанияға қойылатын біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 169 бұйрығы негізінде әзірленген, бұл бұйрықта басқарушыларға қойылатын мынадай талаптар көрсетілген:

1) Қазақстан Республикасының азаматтығы;

2) құқық, әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес, гуманитарлық ғылымдар, техникалық ғылымдар және технологиялар мамандықтары бойынша тиісті кәсіптік орта, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын білу (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Тұрғын үй қатынастары туралы», «Табиғи монополиялар туралы», «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңдары және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері мен өндірістік-шаруашылық, қаржы-экономикалық және тұрғын үй-коммуналдық қызметті регламенттейтін мемлекеттік органдардың актілері);

3) басқарушылық шешімдерді жедел қабылдау және іске асыру, жұмысты жоспарлау және бақылау, іскерлік келіссөздер жүргізу, көпшілік алдында сөз сөйлеу, қабылданатын басқарушылық шешімдердің салдарын талдау және болжау, мемлекеттік органдармен және коммуналдық қызметтерді жеткізушілермен өзара іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, нормативтік құқықтық актілерді іс жүзінде қолдану, ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарды әзірлеу, қызметтік құжаттармен жұмыс істеу дағдыларының болуы, сондай-ақ «Тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды басқару» кәсіби стандартының талаптарына жауап беру («Атамекен» ҚР ҰКП Басқарма төрағасының м.а. 2023 ж. 28 шілдедегі №122 бұйрығы);

4) Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттеуден өткен кәсіптік біліктілікті тану орталығы берген кондоминиум объектісін басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға біліктілігін растайтын оқыту немесе дербес даярлау туралы құжаттың болуы.

5.2 Басқарушы лауазымына кандидаттан біліктілік талаптарынан басқа мынадай мәліметтер сұралады:

- соттылықтың болмауы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтар туралы;

- жұмысқа медициналық қарсы көрсетілімдердің болмауы туралы;
- наркологиялық және психоневрологиялық есепте тұрмағаны туралы.

5.3 Басқарушыға және басқарушы компанияға қойылатын техникалық тапсырма объектінің күрделілігін (пәтерлер санын, қабаттылығын, тұрғын емес үй-жайлардың болуын, үйдің техникалық жай-күйін және инженерлік жүйелерді), құзыреттері мен кадрларының бар-жоғын, КТҮ басқарудағы жұмыс тәжірибесін ескере отырып айқындалады.

Басқарушы компанияның құрамында кем дегенде бір үй басқарушысы және қызметкерлердің (жұмысшылардың) саны нормативтен [2] аспауы керек ең аз саны ұсынылады.

5.4 Басқарушы компанияға мынадай қосымша талаптар қойылуы мүмкін:

- 1) құқық қабілеттілігі болуы;
- 2) қаржылық орнықты болу, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің болмауы;
- 3) банкроттық не жойылу рәсімінде болмау;
- 4) Қазақстан Республикасының аумағында тіркелуге тиіс;
- 5) қажетті еңбек және материалдық ресурстарға ие болу.

5.5 Басқарушы компания үшін КТҮ немесе басқа да жылжымайтын мүлік объектілерін басқару саласында кемінде екі жыл жұмыс тәжірибесі белгіленеді.

## **6 МЕМЛЕКЕТТІК ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНЫҢ КӨПШӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН ҮЙ БАСҚАРМАСЫ**

6.1 Тапсырыс беруші осы Әдістемеге сәйкес басқарушы немесе басқарушы компаниямен шарт жасасу жолымен мемлекеттік тұрғын үй қорынан немесе бірыңғай оператордың тұрғын үй қорынан объектіні басқаруды қамтамасыз етеді.

Көппәтерлі тұрғын үйді басқаруға жұмсалатын шығыстарды басқарушы компания немесе басқарушы басқарма шартының негізінде мемлекеттік тұрғын үй қорынан немесе бірыңғай оператордың тұрғын үй қорынан өтейді.

6.2 Басқарушы компаниямен немесе КТҮ басқарушысымен басқарудың типтік шарты осы әдістеменің В қосымшасында келтірілген.

6.3 Мемлекеттік тұрғын үй қорының көппәтерлі тұрғын үйін, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде салынған көппәтерлі тұрғын үйді басқарудың мақсаттары мыналар:

- тұрғын емес үй-жайлардың тұрғындары мен пайдаланушылары үшін қауіпсіз және жайлы тұру (болу) жағдайларын жасау;
- сеніп тапсырылған мүлікті тиісінше ұстау және сақтау;
- қолданыстағы заңнамаға сәйкес КТҮ жұмыс істеуін қамтамасыз ету, құрылыс, санитариялық, экологиялық, өртке қарсы және басқа да нормативтерді сақтау;
- КТҮ санитариялық-техникалық жай-күйін, оны күтіп ұстау және ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстардың уақтылы орындалуын тиісінше бақылау, сондай-ақ жарамды техникалық жай-күйді қамтамасыз ету.

6.4 Көппәтерлі тұрғын үйді басқарушы компания немесе басқарушы мынадай міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді:

- 1) Тапсырыс берушімен шарттық міндеттемелерді қамтамасыз ету;
- 2) Тапсырыс беруші шарт бойынша жалдауға немесе жалға берген тұрғын емес үй-жайлардың, оның ішінде пәтерлер мен тұрғын емес үй-жайлардың тұрғындары мен пайдаланушыларының тізімін қалыптастыру және жүргізу;

3) сервистік қызмет субъектілерімен шарттар жасасу және олардың орындалуын бақылау;

5) коммуналдық қызметтерді жеткізушілермен уақтылы шарттар жасасу, жалға алушылар немесе жалдаушылар тарапынан коммуналдық қызметтерге ақы төлеудің уақтылығын қамтамасыз ету;

6) объектіні басқаруға және күтіп ұстауға арналған шығыстардың жылдық сметасын жасау, оларды Тапсырыс берушіге қарауға және бекітуге ұсыну [16];

7) Тапсырыс берушіге объектіні басқару және күтіп-ұстау жөніндегі есептерді (ай сайынғы және жылдық) ұсыну;

8) Тапсырыс берушінің өкілетті өкілдерінің сеніп тапсырылған объектіге қол жеткізуін қамтамасыз ету, басқарушы немесе басқарушы компания, сервистік қызмет субъектілері, коммуналдық қызметтерді жеткізушілер тарапынан шарттық міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат беру;

9) коммуналдық қызметтердің сапасына және оларды пәтерлер мен тұрғын емес үй-жайларға дейін берудің үздіксіздігіне мониторинг жүргізу;

10) Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасында белгіленген талаптарды ескере отырып, тапсырыс берушіден ақпаратты және өзге де ақпаратты жалпыға қолжетімді орындарда орналастыру.

6.5 Егер Қазақстан Республикасының тұрғын үй қатынастары саласындағы заңнамасында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік тұрғын үй қорының, бірыңғай оператордың тұрғын үй қорының немесе ведомстволық тұрғын үй қорының құрамына кіретін көппәтерлі тұрғын үйлердің мүлкін күтіп-ұстау жөніндегі қызметтерді тұрғын емес үй-жайлардың тұрғындары мен пайдаланушылары және сервистік қызмет субъектісі арасында жеке шарт жасасу жолымен көрсетуге жол берілмейді.

6.6 Басқарушы немесе басқарушы компания КТҮ (жабдықтар, коммуникацияларға), қызметке (бөлімге) диспетчерлік қызмет көрсетуді ұйымдастырады немесе КТҮ техникалық тексерулерді немесе зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі жұмысқа жауапты адамды тағайындайды.

6.7 Басқарушы немесе басқарушы компания ҚР СТ 2970, ҚР СТ 2976 сәйкес КТҮ немесе оның бөліктерінің техникалық жай-күйіне техникалық тексерулер, зерттеулер және (немесе) мониторинг жүргізуді қамтамасыз етеді. Зерттеулердің (тексерулердің) қорытындысы бойынша КТҮ күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстардың Тапсырыс берушімен келісілген жоспарлары мен тізбесі қалыптастырылады.

6.8 КТҮ техникалық жай-күйін анықтау кезінде білікті мамандар, тиісті құрылғылар, құралдар мен жабдықтар тартылады. Қажет болған жағдайда, техникалық тексерулер немесе зерттеулер жүргізу бойынша жұмыстарды орындау үшін мамандандырылған ұйыммен тиісті шарт жасасуға болады.

6.9 КТҮ-ны күтіп-ұстауға арналған қаржылық қажеттіліктер КЖТ-ны күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындау үшін негізделуге және жеткілікті болуға тиіс. Сервистік қызмет субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеуге арналған бағалар қолданыстағы бағалар немесе бағаны өзге айқындау тәртібі негізінде белгіленеді және Тапсырыс беруші бекітеді.

6.10 Басқарушының немесе басқарушы компанияның, сервистік қызмет субъектісінің әрекетінің немесе әрекетсіздігінің нәтижесінде КТҮ мүлкіне, тұрғын емес үй-жайлардың тұрғындары мен пайдаланушыларына келтірілген залалдар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес өтелуге жатады.

## 7 КӨПШӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН ҮЙДІ КҮТІП ҰСТАУ

7.1 Өз қызметінде басқарушы немесе басқарушы компания, сервистік қызмет субъектілері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және нормативтік-құқықтық актілерін, мемлекеттік органдардың актілерін және ҚР СТ 2862, ҚР СТ 2967, ҚР СТ 2970, ҚР СТ 2975, ҚР СТ 2976, ГОСТ 12.0.004, ГОСТ 12.1.004 техникалық талаптарын басшылыққа алады.

7.2 Мемлекеттік тұрғын үй қорынан немесе бірыңғай оператордың тұрғын үй қорынан КТҮ-ны күтіп-ұстауды осы Әдістеменің Г қосымшасында көрсетілген типтік шартқа сәйкес басқарушы компаниямен немесе көппәтерлі тұрғын үйдің басқарушысымен жасалған шарт [18] негізінде сервистік қызмет субъектілері жүзеге асырады.

7.3 Басқарушы немесе басқарушы компания сервистік қызмет субъектілерін таңдау туралы шешімді [1, 2, 7, 8, 9, 10, 16] ескере отырып дербес қабылдайды. КТҮ-ні күтіп-ұстауға және ағымдағы жөндеуге байланысты жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындау үшін сервистік қызмет субъектілерін, мердігерлерді таңдау Тапсырыс беруші үшін неғұрлым тиімді шарттарда тікелей шарт жасасу жолымен не баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен не конкурстық негізде жүргізіледі.

Ол үшін басқарушы немесе басқарушы компания біліктілік және технологиялық көрсеткіштер бойынша, баға бойынша экономикалық және техникалық негізделген таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ететін жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындау үшін сервистік қызмет субъектілерін, мердігерлерді іріктеу рәсімдерін әзірлейді. Жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындау үшін сервистік қызмет субъектілерін, мердігерлерді іріктеу тәртібі Тапсырыс берушімен келісіледі.

7.4 Жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындау үшін сервистік қызмет субъектілерін, мердігерлерді және жеткізушілерді таңдау өлшемшарттары мыналар:

1) жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындау үшін құқық қабілеттілігі, рұқсат беру құжаттары және білікті мамандар штаты болуы;

2) қаржылық орнықты болу, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің болмауы;

3) банкроттық не жойылу рәсімінде болмау;

4) меншік құқығында не жалға алу (пайдалану) құқығында қажетті материалдық-техникалық базаның, техникалық құралдардың, автокөліктің (арнайы техниканың) және басқа да жабдықтар мен құрылғылардың болуы;

5) 2 (екі) жылдан кем емес жұмыс тәжірибесінің болуы.

7.5 КТҮ күтіп-ұстау кезінде барлық қажетті ақпарат пен есептілік сервистік компания субъектілері тарапынан шартта келісілген мерзімде ұсынылады.

7.6 Басқарушы компания немесе басқарушы электрмен жабдықтауды, жылумен жабдықтауды, газбен жабдықтауды, сумен жабдықтауды және су бұруды қамтамасыз ету үшін қызмет көрсетушілермен шарттар жасасады.

ҚР СТ 2967-де белгіленген техникалық параметрлерге сәйкес келмейтін коммуналдық қызметтерді жеткізген жағдайда, шартта тұтынушылардың төлемді қайта есептеу тәртібі айқындалуға тиіс.

7.7 Басқарушы компания немесе басқарушы техникалық параметрлерді, оның ішінде диспетчерлік қызметтің параметрлерді бақылау құралдары бойынша бақылауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді. КТҮ басқару, күтіп-ұстау және жөндеу мәселелері бойынша барлық ақпарат мүдделі тұлғаларға құжаттарды мынадай жалпыға қолжетімді орындарға (Тапсырыс беруші айқындаған) орналастыру арқылы жеткізіледі:

- кіреберістерде, үй маңындағы аумақта, ақпараттық тақталарда;
- құжаттарды пошта немесе электрондық пошта арқылы жіберу;

- құжаттарды кеңседе және (немесе) интернет желісінде, сайтта орналастыру.

7.8 Көппәтерлі тұрғын үйді тиісінше күтіп-ұстау Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, құрылыс нормативтеріне, сондай-ақ [7-17] міндетті санитариялық, өртке қарсы және экологиялық нормаларға сәйкес пайдалану мен техникалық қызмет көрсетуді дұрыс ұйымдастыру есебінен қамтамасыз етіледі.

7.9 КТҮ және оның жекелеген бөліктерінің, оның ішінде инженерлік-техникалық қамтамасыз ету жүйелерінің жаңа жылыту маусымына дайындығын дайындау және бағалау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **8 ПӘТЕРЛЕРДІ, ТҰРҒЫН ЕМЕС ҮЙ-ЖАЙЛАРДЫ ЖАЛҒА АЛУШЫЛАРДЫҢ, ЖАЛДАУШЫЛАРДЫҢ БАСҚАРУ МЕН КҮТІП-ҰСТАУҒА АРНАЛҒАН ШЫҒЫСТАРҒА ҚАТЫСУЫ**

8.1 Мемлекеттік тұрғын үй қорынан немесе бірыңғай оператордың тұрғын үй қорынан пәтерлерді, көппәтерлі тұрғын үйдегі тұрғын емес үй-жайларды жалға алушылар (жалдаушылар) күтіп-ұстау шығындарына қатысады.

8.2 Мемлекеттік тұрғын үй қорынан пәтерлерді, көппәтерлі тұрғын үйдің тұрғын емес үй-жайларын жалға алушылардың (жалдаушылардың) құқықтары мен міндеттері жалға алу (жалдау) шарттарында көрсетіледі. Жалға алу (жалдау) шартының талаптарында жалға алушылардың (жалдаушылардың) КТҮ-ны ұстауға арналған шығыстарға қатысуы көрсетілуге тиіс.

Жалға алу (жалдау) үшін төлемақы мөлшеріне коммуналдық қызметтер және объектіні күтіп-ұстау үшін төлемдер енгізілмейді. Коммуналдық қызметтер үшін төлемдерді жалға алушы (жалдаушы) жеке – сервистік қызмет субъектілеріне, қызмет көрсетушілерге немесе, егер оларды орталықтандырылған төлем үшін жинаса, Тапсырыс берушінің шотына аударады.

8.3 Жалға алу (жалдау) шарты бойынша пәтерлер мен тұрғын емес үй-жайларды пайдалану тек нысаналы мақсаты бойынша жүзеге асырылуға тиіс.

Жалға алушылар (жалдаушылар) шығындарды: пәтерді, тұрғын емес үй-жайды жалға алу (жалдау) үшін, КТҮ-ны күтіп-ұстау үшін, тұтынылған коммуналдық қызметтер үшін, оның ішінде жалпыға ортақ пайдаланылатын орындарда ақы төлеуді қоса алғанда, уақтылы төлейді.

Ескертпе – Ағымдағы берешектердің шекті мерзімін, мысалы, 60 күнтізбелік күннен артық емес мерзімді жалға алу (жалдау) шарттарында көрсету ұсынылады.

8.4 Жалға алушылардың (жалдаушылардың) пәтерлері мен тұрғын емес үй-жайларының жай-күйіне мониторинг жүргізу жалға алу (жалдау) шартында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады. Басқарушы (басқарушы компания) мұндай мониторинг жүргізу мерзімдері туралы ақпаратты хабарландыруларды жалпыға қолжетімді орындарға немесе басқа да тәсілдермен орналастыру арқылы жеткізеді.

8.5 8.3-тармақта көрсетілген талаптарды бұзу Тапсырыс беруші үшін елеулі болып табылады және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген қағидалар бойынша жалға алу (жалдау) шартын бұзу үшін негіз бола алады.

8.6 Мемлекеттік тұрғын үй қорынан пәтерлерді, көппәтерлі тұрғын үйдің тұрғын емес үй-жайларын күтіп-ұстауға арналған шығыстар басқарушы (басқарушы компания) әзірлейтін смета негізінде қалыптастырылады және Тапсырыс беруші бекітеді.

8.7 Жалға алушылардың (жалдаушылардың) пәтерлер мен тұрғын емес үй-жайлардың сақталуы үшін жауапкершілігі қолданыстағы заңнама нормалары негізінде шартта айқындалады.

## **9 МЕМЛЕКЕТТІК ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН КӨППӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІ, СОНДАЙ-АҚ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР ШЕҢБЕРІНДЕ САЛЫНҒАН КӨППӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІ БАСҚАРУҒА БЕРУ ТӘРТІБІ**

9.1 Көппәтерлі тұрғын үйлерді мемлекеттік тұрғын үй қорынан немесе бірыңғай оператордың тұрғын үй қорынан басқаруға беру тәртібі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік, мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңнамасы шеңберінде жүзеге асырылады.

9.2 КТҮ-ны басқаруға беру мыналардың:

- Тапсырыс берушіден уәкілетті лауазымды тұлғаның шешімінің (бұйрығының);
- жасалған шарттың;
- заңнамада айқындалған өзге де құжаттардың негізінде жүзеге асырылады.

9.3 КТҮ басқару шарт бойынша бір жылдан кем емес мерзімде жүзеге асырылады. Мерзім өткеннен кейін шарт тараптардың келісімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

9.4 Басқарушыны немесе басқарушы компанияны анықтағаннан кейін КТҮ көрінетін орындарда тұрғын емес үй-жайлардың тұрғындары мен пайдаланушылары үшін тиісті ақпарат (байланыс нөмірлері, КТҮ күтіп-ұстау және жинау ережелері және т.б.) орналастырылады.

9.5 Басқарушы немесе басқарушы компания келісілген мерзім ішінде сервистік қызмет субъектілерімен шарттар жасасуды қоса алғанда, шарттың талаптарына сәйкес КТҮ-нің сеніп тапсырылған мүлкін күтіп-ұстауды және жөндеуді басқару бойынша қызметтер көрсетуге және жұмыстарды орындауға міндеттенеді.

9.6 КТҮ басқару шартында мыналар көрсетіледі:

- басқару жүзеге асырылатын КТҮ сеніп тапсырылған мүлкінің құрамы және осындай үйдің мекенжайы;
- КТҮ-де жалпы пайдалану орындарын күтіп-ұстау және жөндеу жөніндегі көрсетілетін қызметтер мен жұмыстардың тізбесі, осындай тізбені өзгерту тәртібі, сондай-ақ басқарушы компания ұсынатын коммуналдық қызметтердің тізбесі;
- шарттың бағасын, тұрғын үй-жайды күтіп-ұстау және жөндеу үшін төлемақы мөлшерін және коммуналдық қызметтер үшін төлемақы мөлшерін айқындау тәртібі, сондай-ақ осындай төлемақы енгізу тәртібі;
- басқарушы компанияның басқару жөніндегі шарттық міндеттемелерді орындауын бақылауды жүзеге асыру тәртібі.

9.7 Басқарушы немесе басқарушы компания осы үйде сеніп тапсырылған мүлікті тиісінше күтіп-ұстауды қамтамасыз ететін және сапасы техникалық регламенттердің талаптарына және қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес келуге тиісті барлық қызметтерді көрсетуге және (немесе) жұмыстарды орындауға жауапты болады. Шартты бұзу кезінде осы Әдістеменің 4.5 – 4.7-тармақтарының талаптары орындалуға тиіс.

9.8 Басқарушы немесе басқарушы компания қажетті ақпаратты тиісті ақпараттық жүйелерде (қажет болған жағдайда) орналастырады.

## **10 БАСҚАРУШЫНЫҢ НЕМЕСЕ БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯНЫҢ ТАПСЫРЫС БЕРУШІ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕП БЕРУ ТӘРТІБІ**

10.1 Басқарушы немесе басқарушы компания Тапсырыс берушіге «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына және басқа да нормативтік актілерге және шарттық міндеттемелерге сәйкес есеп беру тәртібін қамтамасыз етеді.

10.2 Басқарушы немесе басқарушы компания КТҮ басқару және қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылау кезінде ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында Тапсырыс берушіге есептер ұсынады. Есептілікті ұсыну құрамы, жүйелілігі және мерзімдері:

1) Техникалық қызмет көрсету бойынша орындалған жұмыстар актілерін қоса бере отырып, КТҮ басқаруға және ұстауға арналған шығыстар туралы қаржылық есеп есепті айдан кейінгі айдың 10 күніне дейін ұсынылады;

2) дебиторлық және кредиторлық берешекті талдай отырып, жоспарлы іс-шаралардың орындалуы туралы жиынтық есеп есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 күніне дейін беріледі.

3) КТҮ-де басқару, күтіп-ұстау және жөндеу жөніндегі жұмыстардың барлық түрлерін көрсете отырып, қаржы-шаруашылық қызмет туралы қорытынды есеп келесі жылдың 31 қаңтарына дейін ұсынылады.

10.3 Басқарушы компания есептілікті электрондық түрде бекітілген мемлекеттік портал арқылы (егер көзделген болса) немесе қағаз форматта береді. Есептілікті ұсыну мерзімдері басқару шартында көрсетіледі.

10.4 Тапсырыс беруші есепті алғаннан кейін есептілікті алған сәттен бастап 15 жұмыс күні ішінде орындалған жұмыстардың шарттық талаптарға сәйкестігін, деректердің толықтығы мен дұрыстығын, жүргізілген шығыстардың негізділігін тексеруді жүзеге асырады.

Тапсырыс беруші есептілікті тексеру үшін аудиторларды немесе мамандандырылған ұйымдарды тартуға құқылы.

10.5 Тексеру қорытындысы бойынша нәтижелер актімен ресімделеді және ескертулер болмаған кезде тараптар қол қояды.

Бұзушылықтар анықталған кезде жою жөніндегі ұсынымдарға сәйкес келмеу актісі жасалады.

10.6 Есептілікті уақтылы ұсынбау, деректерді бұрмалау немесе мәліметтердің толық болмауы, қаржы қаражатын мақсатсыз пайдалану, шарт талаптарын бұзу өрескел қаржылық бұзушылықтар болып табылады.

10.8 Басқарушы немесе басқарушы компания анықталған бұзушылықтар туралы олар анықталған сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде хабардар етіледі. Бұзушылықтар дәлелдемелік базаны қоса бере отырып, актімен тіркеледі.

10.9 Бұзушылықтар үшін Тапсырыс беруші басқарушыға немесе басқарушы компанияға айыппұл санкциялары, төлемдерді тоқтата тұру, шартты бұзу және шығындарды өндіріп алу түрінде ықпал ету шараларын қабылдайды.

Айыппұлдардың мөлшері азаматтық заңнама нормалары негізінде шарттың талаптарымен айқындалады. Бұзушылықтар анықталған сәттен бастап және оларды жою сәтіне дейін басқарушы және басқарушы компанияға төлемдер тоқтатылады.

Жүйелі және өрескел бұзушылықтар немесе жоюдан бас тарту кезінде басқарушымен немесе басқарушы компаниямен шарттар белгіленген мерзімде бұзылады, ықтимал келтірілген залалдар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес сот тәртібімен өндіріп алынады.

10.10 Басқарушы компания бұзушылықтарды 10 жұмыс күні ішінде жоюға міндетті. Егер жою мүмкін болмаса, Тапсырыс беруші кейіннен басқарушының немесе басқарушы компанияның шығындарды өтеуі арқылы тәуелсіз орындаушыларды тартуға құқылы.

## 11 ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР

11.1 Қызмет көрсетуді және жұмыстарды орындауды басқарушы немесе басқарушы компания Қазақстан Республикасының заңнамасына, өрт қауіпсіздігі қағидаларына және ГОСТ 12.1.004 сәйкес өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға тиіс.

11.2 КТҮ басқару және күтіп-ұстау бойынша қызметтер көрсетуге ГОСТ 12.0.004 талаптарына сәйкес оқытудан және нұсқаудан өткен адамдар жіберіледі. Басқарушы компания мен сервистік компанияның штатында еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқытудан өткен мамандар болуға, оларда қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамалар жүргізудің және олардың сақталуы мен орындалуын бақылаудың әзірленген және енгізілген жүйесі болуға тиіс.

11.3 Басқарушы, басқарушы компанияның қызметкерлері жылына кемінде бір рет өрт қауіпсіздігі негіздеріне оқытудан өтеді.

Оқыту бағдарламасында өрт болған жағдайда тұрғындарды эвакуациялауды ұйымдастыру негіздері, алғашқы өрт сөндіру құралдарын пайдалану тәртібі, өртті анықтау және шұғыл қызметтерді хабардар ету кезіндегі іс-қимыл алгоритмі және эвакуациялау бойынша практикалық жаттығулар қамтылуға тиіс.

Оқыту қорытындысы бойынша хаттама жасалып, білімге тексеру жүргізіледі.

11.4 Басқарушы немесе басқарушы компания әрбір көппәтерлі тұрғын үй үшін жылына кемінде бір рет өзектендірілетін эвакуациялау жоспарларын әзірлейді.

Эвакуациялау жоспарларында техникалық қабаттар мен жертөлелерді, өрт гидранттарының, өрт сөндіргіштердің және басқа да өрт сөндіру құралдарының орналасқан жерлерін қоса алғанда, үйдің барлық аймақтарынан адамдарды эвакуациялау бағдарларының сызбасы, эвакуациялау кезінде тұрғындарды қауіпсіз жинау аймақтары жөніндегі нұсқаулар және жауапты адамдар мен шұғыл қызметтердің байланыс деректері қамтылуға тиіс.

11.5 Эвакуациялау жоспарларының көшірмелері көрінетін орындарға (баспалдақ торлары, лифт залдары, жертөлелерге кіреберістер) орналастырылуға тиіс.

11.6 Басқарушы немесе басқарушы компания тиісті лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен шарт жасасу арқылы өрттен қорғау жүйелерінің техникалық жай-күйін тексеруді ұйымдастырады.

11.7 Тексеру регламенттерінде өрттен қорғау жүйелерінің (өрт дабылы, өрт туралы хабарлама беру, адамдарды эвакуациялауды хабарлау және басқару, түтінге қарсы желдету, автоматты өрт сөндіру қондырғылары, сыртқы және (немесе) ішкі өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелері) жай-күйін, өртке қарсы бөгеуілдердің (өртке қарсы есіктер, қақпалар, люктер, клапандар, терезелер, перделер) жай-күйін бағалау қамтылуға тиіс. Тексеру кезеңділігі – жарты жылда бір реттен сирек емес.

Өрттен қорғау жүйелерінің техникалық жай-күйін тексеру нәтижелері осы Әдістеменің Д қосымшасына сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

**А ҚОСЫМШАСЫ**  
(міндетті)

**Көппәтерлі тұрғын үйге арналған  
техникалық және өзге де құжаттаманы қабылдау-беру актісінің нысаны**

**Акт**

\_\_\_\_\_

мекенжайы бойынша орналасқан көппәтерлі тұрғын үйге арналған техникалық және өзге де құжаттаманы қабылдау-беру туралы  
Осы актіні жасады: Тапсырыс берушінің (беруші тараптың) өкілі

\_\_\_\_\_

(ТӨА, лауазымы және өкілеттігі көрсетіледі)

және орындаушының (қабылдаушы тараптың) өкілі

\_\_\_\_\_

(ТӨА, лауазымы және өкілеттігі көрсетіледі)

мынадай көппәтерлі тұрғын үйге арналған техникалық құжаттаманы қабылдау-тапсыру мәніне:

№ р/с	Құжаттың атауы	Парақтар саны	Ескертпе
1	2	3	4

Қабылдаушы тараптан

\_\_\_\_\_

(қолы)

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.  
МО.

Тапсырушы тараптан

\_\_\_\_\_

(қолы)

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.  
МО.

## **Б ҚОСЫМШАСЫ** (міндетті)

### **Көппәтерлі тұрғын үйге арналған техникалық және өзге де құжаттаманың тізбесі**

- Б.1 КТҮ техникалық паспорты.
- Б.2 КТҮ электрондық паспорты (бар болса).
- Б.3 Үй маңындағы аумақтың санитариялық паспорты.
- Б.4 Жеке жылу пунктіна ЖЖП) арналған паспорт.
- Б.5 КТҮ пайдалану жөніндегі нұсқаулық.
- Б.6 КТҮ энергетикалық паспорты.
- Б.7 КТҮ қасбетінің паспорты.
- Б.8 КТҮ лифт шаруашылығының паспорты (бар болса).
- Б.9 КТҮ қазандық шаруашылығының паспорттары (бар болса).
- Б.10 КТҮ арналған жобалау-сметалық құжаттама.
- Б.11 КТҮ жерге қосу контурларының атқарушылық сызбалары (бар болса).
- Б.12 КТҮ жалпы пайдалану орындарын ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстардың нәтижелерін қабылдау туралы құжаттар (актілер).
- Б.13 КТҮ пайдалануға беру актісі, сондай-ақ инженерлік іздестіру нәтижелері, КТҮ инженерлік-техникалық қамтамасыз ету жұмыстарын, конструкцияларын, жүйелерін куәландыру актілері.
- Б.14 КТҮ жалпы пайдалану орындарын күрделі жөндеу бойынша жұмыстардың нәтижелерін қабылдау туралы құжаттар (актілер)
- Б.15 Инженерлік коммуникациялар мен жабдықтардың (үйге ортақ есепке алу аспаптары, жеке есепке алу аспаптары, механикалық жабдықтар, электр жабдықтары, санитариялық-техникалық жабдықтар және т.б.) жай-күйін техникалық байқау, тексеру (сынау) актілері.
- Б.16 КТҮ құрылымдық бөліктерінің (төбесі, қоршау тірек конструкциялары, жер учаскесінде орналасқан объектілер және т.б.) жай-күйін техникалық байқау, тексеру (сынау) актілері.
- Б.17 Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орган куәландырған жер учаскесінің кадастрлық жоспарының (картасының) көшірмесі.
- Б.18 Ортақ мүлік болып табылатын жылжымайтын мүлік объектілеріне тіркелген құқықтар туралы мәліметтерді қамтитын Құқықтардың бірыңғай мемлекеттік тізілімінен үзінді.
- Б.19 Аумақтың жер-шаруашылық құрылысының бас жоспарының көшірмесі.
- Б.20 Сервитуттың немесе өзге де ауыртпалықтардың мазмұны мен қолданылу аясы көрсетілетін құжаттар.
- Б.21 КТҮ ортақ мүлкінің жекелеген элементтерін пайдалануға қабылдау актісі.
- Б.22 Жасырын жұмыстарды куәландыру актілері.
- Б.23 Шу мен дірілді өлшеу хаттамасы.
- Б.24 Қуатты ресурспен жабдықтаушы ұйымның желісіне қосуға рұқсат.
- Б.25 Коммуналдық желілердің (электрмен жабдықтау, ыстық сумен жабдықтау және жылумен жабдықтау, суық сумен жабдықтау және су бұру, газбен жабдықтау) пайдалану жауапкершілігін шектеу актілері.
- Б.26 Үйге ортақ және жеке (пәтерлік) есепке алу аспаптарын орнату және пайдалануға қабылдау актілері.
- Б.27 КТҮ есептеу аспаптарына, механикалық, электрлік, санитариялық-техникалық және өзге де жабдықтарға арналған паспорттар.
- Б.28 Тұрғындардың жазбаша өтініштері және өтінімдерінің журналдары, қоғамдық орындарды күтіп ұстау және жөндеу және коммуналдық қызметтерді ұсыну сапасы мәселелері бойынша шағымдар мен ұсыныстар.
- Б.29 Бақылаушы және қадағалау органдарының нұсқамаларының көшірмелері.
- Б.30 Электр сымдарының кедергісін өлшеу хаттамалары.
- Б.31 КТҮ басқаруға және күтіп-ұстауға байланысты өзге де құжаттар.
- Б.31 КТҮ басқаруға және күтіп-ұстауға байланысты өзге де құжаттар.

## В ҚОСЫМШАСЫ

(ақпараттық)

### Басқарушы компания немесе басқарушы басқаратын мемлекеттік тұрғын үй қорының көппәтерлі тұрғын үйді басқарудың типтік шарты

Елді мекен

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

\_\_\_\_\_ (мемлекеттік органның, кәсіпорынның атауы)

бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталып, \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ атынан

\_\_\_\_\_ (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),

бірінші тараптан, және

бұдан әрі «Басқарушы» деп аталып, \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін басқарушы компания (көп пәтерлі тұрғын үй басқарушысы)

\_\_\_\_\_ (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),

екінші тараптан, екеуі бірге «Тараптар» деп аталып, көппәтерлі тұрғын үйді (бұдан әрі – КТҮ) басқару туралы осы шартты жасасты.

#### 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Шарт: \_\_\_\_\_

(тұрғын үй кешенінің атауы, орналасқан жері және пошталық мекенжайы)

мекенжайында орналасқан КТҮ басқаруды қамтамасыз ету мақсатында жасалды

1.2. Осы шарт 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ №

\_\_\_\_\_ (мемлекеттік сатып алу туралы конкурс қорытындыларының шешімі, бұйрығы, хаттамасы)

негізінде жасалды.

1.3. Шарт жасасу сәтіндегі КТҮ мүлкінің құрамы мен техникалық жай-күйі туралы мәліметтер осы Шарттың 1-қосымшасына сәйкес түгендеу тізбесінде көрсетілген.

#### 2. Шарттың мәні

2.1. Осы Шарттың 1.1-тармағында көрсетілген талаптарды орындау үшін Басқарушы КТҮ басқару жөніндегі жұмыстарды орындауға, КТҮ басқару мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған Тапсырыс берушінің атынан барлық заңды және нақты әрекеттерді жасауға өзіне міндеттеме етіп алады.

2.2. Тапсырыс беруші Басқарушыға міндеттемелерді орындағаны үшін осы Шарттың талаптарына сәйкес сыйақы төлейді.

### 3. Тараптардың міндеттері

3.1. Тапсырыс берушінің міндеттері:

3.1.1. Мүлікті КТҮ-да оның арналуына сәйкес пайдалану.

3.1.2. Басқарушыға осы Шарт бойынша ұсынылған қызметке уақтылы ақы төлеу.

3.1.3. Азаматтардың өмірі мен денсаулығына, қауіпсіздігіне қатер төндіретін желілердің, жабдықтардың, есепке алу аспаптарының ақаулығы анықталғаны, коммуналдық қызметтер сапасының параметрлерінің төмендегені туралы Басқарушыға дереу хабарлау.

3.2. Басқарушының міндеттері:

3.2.1. Осы шарттың талаптарына сәйкес КТҮ басқару.

3.2.2. Тұрғын емес үй-жайларды жалға алушылардың (жалдаушылардың) пәтерлері тұрғындарының тізімін қалыптастыру.

3.2.3. Тұрғындармен жиналыстар өткізуді ұйымдастыру үшін материалдар дайындауды жүзеге асыру.

3.2.4. Тапсырыс берушінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастыру.

3.2.5. КТҮ құрамына кіретін объектілердің сақталуын қамтамасыз ету.

3.2.6. Сервистік қызмет субъектілерімен қызметтер көрсету туралы шарттар жасасу және орындау.

3.2.7. Коммуналдық қызметтерді ұсынатын ұйымдармен КТҮ күтіп-ұстауға коммуналдық қызметтер көрсету, оларға ақы төлеу туралы шарттар жасасу, сондай-ақ пәтерлер мен тұрғын емес үй-жайларды жалға алушылар (жалдаушылар) тарапынан коммуналдық қызметтер көрсету туралы шарттардың орындалуына мониторинг жүргізу.

3.2.8. Бір күнтізбелік жылға КТҮ басқаруға арналған шығыстар сметасының жобаларын, КТҮ басқару бойынша ай сайынғы және жылдық есепті жасау, оларды Тапсырыс берушінің қарауына ұсыну.

3.2.9. Тапсырыс берушіге КТҮ басқару және күтіп-ұстау бойынша ай сайынғы есепті келесі айдың 10 күніне дейін ұсыну.

3.2.10. Пәтерлерді, тұрғын емес үй-жайларды жалға алушыларға (жалдаушыларға) қызметтің негізгі көрсеткіштері туралы, КТҮ-ны күтіп-ұстау бойынша қызметтер көрсетуге және жұмыстарды орындауға жасалған шарттар туралы ақпаратқа еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету.

3.2.11. Коммуналдық қызметтердің сапасына және оларды пәтерлер мен тұрғын емес үй-жайларға берудің үздіксіздігіне мониторинг жүргізу.

3.2.12. Басқару жөніндегі шарттың қолданылуы тоқтатылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге қабылдау-беру актісі негізінде мыналарды:

1) қаржылық құжаттаманы (бастапқы есепке алу құжаттары, қаржылық есептілік, ағымдағы шот бойынша операцияларға байланысты құжаттар), сондай-ақ қаржылық құжаттаманың көшірмелерін;

2) КТҮ арналған техникалық құжаттаманы;

3) жиналыс хаттамаларын (қажет болған жағдайда);

4) сервистік қызмет субъектілерімен және коммуналдық қызмет көрсететін ұйымдармен жасалған қызметтер көрсету туралы шарттардың көшірмелерін;

5) КТҮ басқару бойынша көрсетілген қызметтерді қабылдау актілерінің көшірмелерін;

6) КТҮ басқаруға және күтіп-ұстауға байланысты өзге де құжаттарды;

7) КТҮ құрамына кіретін үй-жайлардың кілттерін, жабдықты ашатын электрондық кодтарды;

8) КТҮ мүлкін басқару мен пайдалануға арналған өзге де техникалық құралдар мен жабдықтарды береді.

## 4. Тараптардың құқықтары

### 4.1. Тапсырыс беруші:

4.1.1. Басқарушыдан белгіленген стандарттарға, осы Шарттың нормалары мен талаптарына сәйкес КТҮ сеніп тапсырылған мүлкін, коммуналдық қызметтерді басқару және күтіп-ұстау бойынша сапалы қызметтер көрсетуді талап етуге.

4.1.2. Басқарушының кінәсінен келтірілген залалдың орнын өтеуді белгіленген тәртіппен талап етуге.

